6. Әлеуметтік бейімделу, өзін-өзі басқару және қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

Арнайы педагогтың түзете-дамыту бағдарламасының мазмұны келесі бағыттардан тұрады:

- **Жалпы дамытушылық бағыт.** Бұл бағыт оқушылардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық әрекеттерін (зейін, есте сақтау, ойлау, қиял), сөйлеуін, қарым-қатынасын, кеңістікте бағдарлауын, графо-моторлық дағдыларын және оқу мотивациясын дамытуға бағытталған. Сабақ барысында баланың жалпы оқу дағдыларын қалыптастыруға, тілдік және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді.
- **Пәндік бағыт.** Бұл бағыт білім алуғағы олқылықтарды толықтыруға арналған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны және тереңдетілген педагогикалық диагностика нәтижелері негізге алынады. Осыған сәйкес математика пәнінің үлгілік оқу бағдарламасынан тиісті оқу мақсаттары енгізіліп, оқушылардың пәндік білімдері жетілдіріледі.

«Әліппе» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

Тыңдалым мен айтылым:

1) мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беруді қалыптастыру; коммуникативтік мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

2) ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді; буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардың буын құрау дағдыларын қалыптастыру;

4) дыбыстың әріппен жазылуын; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау;

5) сөздік қорын байыту; сөзді тіркестіре білу, сөйлем және шағын мәтін (сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу) құрай білу;

6) сөз әдебінің формаларын қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу).

Ескерту: Тындалым материалының көлемі: 30 сек - 1 мин.

15. Оқылым:

- 1) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);
- 2) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;
- 3) қазақ тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- 4) сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу;
- 5) буындап оқудан сөзді үзбей, толық оқуға үйрету.

16. Жазылым:

- 1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;
- 2) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;
- 3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу;
- 4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің соңына тыныс белгісін қою;
- 5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;
- 6) қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

«Математика» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

- 1) «Сандар мен шамалар»: натурал сандар тура, кері және реттік санау, сандарды оқу, жазу және салыстыру, сандар құрамы, разрядтық құрамы, разрядтық қосылғыштар, ондықтар, сандарды топтап санау, сандармен амалдар орындау, сандарды қосу мен азайту, қосу мен азайту өзара кері амалдар, қосудың ауыстырымдылық қасиеті, сандардың қосу кестесі, шамалар және олардың өлшем бірліктері, ұзындық, уақыт шамалары, шамаларды өлшеу, салыстыру, түрлендіру, циферблат бойынша уақытты анықтау, тиындармен әрекеттер;
- 2) «Алгебра элементтері»: сандық және әріптік өрнектер, сандық және әріптік өрнектерді құрастыру, жазу және оқу;
- 3) «Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі, нүкте, түзу, қисық сызық, тұйықталған және тұйықталмаған сызық, кесінді, сәуле, бұрыш, жазық және кеңістік фигуралар, геометриялық фигураларды кескіндеу және салу, түзу, қисық сызық, сынық сызық, кесінді;
- 4) «Математикалық моделдеу»: есептерді кесте, сызба, қысқа жазба түрінде моделдеу, ұғымдар, терминдер, есептерді талдау және шығару, кері есептер, есептерді шығару тәсілдері, сандарды бейнелеу, "+", "-", "≠", "=", ">", "<" белгілері, сан сәулесі, қосу және азайту амалдарының компоненттері.

Оқу жылының соңында қорытынды педагогикалық диагностика жүргізіліп, түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесін қорытындыланады, мониторинг жасалады.

**Түзету-дамыту бағдарламасы
I-сынып, I-жартыжылдық**

Бағдарламаны әзірлеу күні 15.09.2025

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) Рахым Саида Мерболатқызы

Жасы: 7

Мерзімі	Дамыту жұмысының бағыты. Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу	Ескерту
I- жартыжылдық	Айтылым		
	<ul style="list-style-type: none"> - дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді; буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардың буын құрау дағдыларын қалыптастыру; - мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беруді қалыптастыру; коммуникативтік мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас дағдыларын дамыту; - дыбыстың әріппен жазылуын; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау; 		
	Оқылым		
	<ul style="list-style-type: none"> - сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну; - сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау); - сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу; - қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру; 		
Жазылым			
<ul style="list-style-type: none"> - сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру; - қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру; - жазуға дайындық (дұрысотырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай 			

<p>білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу; 		
Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер		
<ul style="list-style-type: none"> - 1.1.1.2** біртаңбалы сандарды және 10 санын оқу, жазу және салыстыру; - 1.1.1.3** біртаңбалы сандардың құрамын анықтау; - 1.1.1.4 санаудың ірі бірлігі ондықты құрастыру, 100-ге дейін ондықтармен санау, жазу және салыстыру; - 1.1.1.5** тәжірибе арқылы 2, 4, 6, 8, 10 заттың жартысын табу; 		
Сандармен амалдарды орындау		
<ul style="list-style-type: none"> - 1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну; - 1.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық қасиетін, 0-дің қасиетін қолдану; - 1.1.2.5** ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды ауызша қосу және азайтуды орындау; 		
Геометриялық фигуралар		
<ul style="list-style-type: none"> - 1.3.1.1 геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір-бірінен ажырату және атау; - 1.3.1.2 жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш)/кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру; - 1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, 		

тікөртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру; - 1.3.2.2 берілген ұзындығы бойынша кесінді сызу;		
Шамалар және олардың өлшем бірліктері		
- 1.1.3.1** ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық) шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу; - 1.1.3.2**й өлшем бірліктерін: ұзындық (см, дм)/масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л) қолданып, шамаларды өлшеу; - 1.1.3.3** ұзындық (см, дм)/масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау; - 1.1.3.4 ұзындық өлшем бірліктерін: см, дм олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру;		
Санды және әріпті өрнектер		
- 1.2.1.1** санды өрнектерді (қосынды, айырма) ажырату, құрастыру, жазу және оқу;		
Математикалық тіл		
- 1.5.2.2** "+", "-", "=", ">", "<" белгілерін қолдану; - 1.5.2.4 қосу мен азайту амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану;		
Танымдық әрекетін дамыту		
- Зейін, есте сақтау, ойлау, моторлық (ұсақ моторика, көз-қол координациясы) және кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту;		

Түзету – дамыту көмегінің нәтижелері

Маман

қорытындысы: _____

Қызылжар ЖОББМ директоры: А.К.Кулунтаев



**Арнайы педагогтың 3 «Б» сынып оқушысы
Әмірбай Жұлдызайға арналған түзете дамыту
бағдарламасы**

Түсінік хат

Түзете-дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 4-қосымшасының 6-тарауында психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының «Түзету компонентінде» көрсетілген «Білімдерінде жетіспеушілігін жетілдіруге арналған жеке түзету сабақтары» пәнін негізге ала отырып құрастырылды.

Бағдарлама мазмұны оқушылардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы дамытушылық және пәндік бағыттарда жүзеге асырылады. Сабақтарда білім алушылардың оқу жетістіктеріндегі олқылықтарды толықтыруға, танымдық әрекеттерін дамытуға, тілдік дағдыларын жетілдіруге және жаңа оқу материалын қабылдауға мақсатты бағытталған дайындық жұмыстарына ерекше мән беріледі, сондай-ақ оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға, өздігінен білім алуға, әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасалады.

Сабақтың мақсаты – оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру, танымдық әрекеттері, тілдік, математикалық және графо-моторлық дағдыларын дамыту арқылы жаңа оқу материалын меңгеруге дайындау.

Негізгі міндеттері:

1. Оқушылардың танымдық процестерін (зейін, есте сақтау, ойлау, қиял) дамыту;
2. Сөйлеу тілін және коммуникативтік дағдыларын жетілдіру;
3. Жалпы оқу біліктері мен дағдыларын (оқу, жазу, санау) қалыптастыру;
4. Математика, қазақ тілі және басқа да негізгі пәндер бойынша білімдегі олқылықтарды толықтыру;
5. Кеңістікте бағдарлау, графо-моторлық және математикалық дағдыларды дамыту;
6. Әлеуметтік бейімделу, өзін-өзі басқару және қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

Арнайы педагогтың түзете-дамыту бағдарламасының мазмұны келесі бағыттардан тұрады:

- **Жалпы дамытушылық бағыт.** Бұл бағыт оқушылардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық әрекеттерін (зейін, есте сақтау, ойлау, қиял), сөйлеуін, қарым-қатынасын, кеңістікте бағдарлауын, графо-моторлық дағдыларын және оқу мотивациясын дамытуға бағытталған. Сабақ барысында баланың жаңы оқу дағдыларын қалыптастыруға, тілдік және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді.
- **Пәндік бағыт.** Бұл бағыт білім алуғағы олқылықтарды толықтыруға арналған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығының 12-қосымшасына сәйкес бастауыш білім беруге арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны және тереңдетілген педагогикалық диагностика нәтижелері негізге алынады. Осыған сәйкес математика пәнінің үлгілік оқу бағдарламасынан тиісті оқу мақсаттары енгізіліп, оқушылардың пәндік білімдері жетілдіріледі.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

- 1) фонетика: У дыбысы; сөз ішінде у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болып келуі; У әрпінің емлесі: дауыссыз дыбыстан кейін келген у әрпінің алдында ү, ұ дыбыстары естілгенімен, жазылғанда олардың орнына у-дың өзі ғана жазылатыны, дауысты ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге у әрпі қосылғанда, ы, і әріптерінің түсіп қалатыны; И дыбысы. И – дауысты, й – дауыссыз дыбыс екені. И – дыбысының бірде жуан, бірде жіңішке болатыны; И, й әріптерінің емлесі; Я, ю әріптерінің жазылуы; дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні; Б, п дыбыстары; Б және п әріптерінің емлесі; Қ, ғ және к, г дыбыстары; Қ, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты ы, і дыбыстары жалғанса, олардың ғ, г дыбыстарына айналуы; Л, р дыбыстары. Л, р әріптерінің емлесі. Н, ң дыбыстары; олардың бір-бірінен айырмашылығы және емлесі; сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту: бүгін – бүгүн, түгін – түтүн, көсек – көсөу);

- 2) мәтін, мәтін туралы түсінік: жеке сөйлемдерден мәтіннің өзгешелігі; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтінге, сюжетті суреттерге ат қою; тақырып (мәтіннің аты), тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау; тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу; тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; тыңдалған материалға өз пікірін білдіру; оқыған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру және жауап беру; берілген тірек сөздерді қолданып ауызша әңгіме құрау;
- 3) мәтіннің құрылымы (басы, ортасы (негізгі), соңы (қорытынды) туралы ұғым: негізгі ойды беру формасы сөйлем; мәтіндегі азат жолдың рөлі; мәтіндегі сөйлемдердің байланысы; дұрыс құрылмаған мәтінді қайта құру;
- 4) мәтін түрлері: әңгімелеу, сипаттау, пайымдау: заттар мен құбылыстар туралы әңгімелеу, сипаттап айту; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) сөйлем: сөйлем туралы түсінік; сөйлемнің мәтіннен өзгешелігі; тұтас мәтінді сөйлемдерге бөлу, сөйлемдердің ара жігін ажырату; айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем; сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер (нүкте, сұрау, леп белгісі);
- 6) сөйлемдегі сөздердің байланысы: сұрақ қою арқылы сөйлемнің ішінен бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу; сөздердің орналасу тәртібін ескере отырып, сөздерден сөйлем құрау; сұрақ бойынша сөйлемді толықтырып жазу; үлгі, сызба, суреттер бойынша сөйлем құрап жазу; дұрыс құрылмаған сөйлемді түзеп, қайта жазу;
- 7) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы түсінік; мәтіндегі синоним, антоним, омоним сөздердің мағыналарын ажырата білу; берілген тақырып, сұрақ бойынша қажетті ақпараттарды іріктеп алу үшін дереккөздерді (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) қолдана білу;
- 8) сөз құрамы: сөздің түбірі мен қосымшасы туралы алғашқы түсінік; түбір мен қосымшаның бір-бірінен айырмашылығы; қосымша түрлері: жұрнақ пен жалғау, олардың белгіленуі;
- 9) сөз таптары: заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздер туралы түсінікті қайталау; сөз табы туралы түсінік; зат есім, оның мағынасы, сұрақтары; жалқы есім және жалпы есім; жалқы есімнің жазылу емлесі; зат есімнің жекеше және көпше түрлері; зат есімнің көпше түрін сөз құрамына талдау, көптік жалғаулары, оларды дұрыс қолдану; етістік, оның анықтамасы, сұрақтары; дара және күрделі етістіктер; сын есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сын есіммен зат есімнің байланысы; дара және күрделі сын есімдер; сан есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сан есімнің зат есіммен байланысып айтылуы; дара және күрделі сан есімдер;

«Математика» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1. "Сандар мен шамалар": 100 көлемінде сандар, тура, кері және реттік санау, екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру, сандар құрамы, сандарды римше нөмірлеу, 1000 көлемінде сандарды оқу, жазу және салыстыру, тура және кері санау, сандармен амалдар орындау, көбейту және бөлу, қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттері, көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті, біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесі, 2, 3, 4, 5-ке көбейту және бөлу кестесі, біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайту, екітаңбалы сандарды қосу және азайту, шамалар және өлшем бірліктері, өлшеу аспаптар шәкілдері, шамалар: ұзындық, масса, көлем мәндерін салыстыру, ұзындық, масса, көлем уақыт өлшемдерін түрлендіру, монеталармен әрекеттер;
2. "Геометрия элементтері": геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі, бұрыштар түрлері, көпбұрыштардың жіктелуі, тіктөртбұрыш, шаршы, тікбұрышты үшбұрыштың белгілері, геометриялық фигуралардың қабырғаларын табу, периметрді табу формуласы, геометриялық фигураларды кескіндеу және салу, кесінділер мен түзулер, тік бұрыш, жазық фигуралардың моделдері, жазық фигураларды салу, геометриялық фигуралардың орнын, қозғалысын және бағытын анықтау, нүктелер координаталары және қозғалыс бағыты; нүктелердің сызықта орналасуы;

3. "Математикалық моделдеу": есептер және математикалық модель, есептерді кесте, сызба, қысқа жазба түрінде моделдеу, есептерді талдау және шығару, шамалар арасындағы байланысқа есептер шығару, тура және жанама сұрақтары болатын есептер, екі амалды есептер, сандық өрнек түрінде берілген есептер, математикалық тіл, екітаңбалы сандардың графикалық моделі, латын алфавитінің бас әріптері, және таңбалары, деректерді жинақтау, кестелермен диаграммаларды кескіндеу.

Оқу жылының соңында қорытынды педагогикалық диагностика жүргізіліп, түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесін қорытындыланады, мониторинг жасалады.

**Түзету-дамыту бағдарламасы
2-сынып, I-жарты жылдық**

Бағдарламаны әзірлеу күні: 15.09.2025

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) Әмірбай Жұлдызай Максатқызы
Жасы: 8

Мерзімі	Дамыту жұмысының бағыты. Мақсат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу	Ескерту
I- жарты жылдық	Тыңдалым мен айтылым		
	- 2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; - 2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау;		
	Оқылым		
	- 2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымда) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау; - 2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау;		
	Жазылым		
	- 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою;		
	Тілдік нормалардың қолданысы		
	- 2.4.1.1* я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу; - 2.4.1.2* у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу; - 2.4.1.3* дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, ұяң, үнді) ажырату және дауыссыз п-б,қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу; - 2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу;		
Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер			

<ul style="list-style-type: none"> - 2.1.1.2 екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру; - 2.1.1.3** екітаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу; 		
Сандармен амалдар орындау		
<ul style="list-style-type: none"> - 2.1.2.4** біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесін құру, білу және қолдану; - 2.1.2.5** біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайтуды орындау; 		
Шамалар және өлшем бірліктер		
<ul style="list-style-type: none"> - 2.1.3.1 әртүрлі өлшеу құралдары шкалаларын бір бірінен ажырату және шамалардың сәйкес мәндерін анықтау; - 2.1.3.2** ұзындық (м)/масса (ц) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу; - 2.1.3.3** ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен амалдар орындау; 		
Есептер және математикалық модель		
<ul style="list-style-type: none"> - 2.5.1.1 бір-екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу; 		
Математикалық тіл		
<ul style="list-style-type: none"> - 2.5.2.1.Екі таңбалы сандардың графикалық моделін құру, разрядтық кестені қолдану; 		
Танымдық әрекетін дамыту		
<ul style="list-style-type: none"> - Зейін, есте сақтау, ойлау, моторлық (ұсақ моторика, көз-қол координациясы) және кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту; 		

Түзету = дамыту көмегінің нәтижелері

Маман

қорытындысы: _____

«Бекітемін»
Кызылжар жаңы орта білім беретін мектебінің
Директоры А.К.Кулунтаев



**1 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ РСАЙ ЗЕРЕГЕ
ЖЕКЕ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
1-ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ**

2025-2026 оқу жылы

Түсінік хат

Бағдарламасы Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Математика», «Сауат ашу», «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Бағдарлама мақсаты – білім алушыларда әлеуметтік бейімделуіне және дербес еңбек қызметіне дайындалуына ықпал ететін математикалық білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру.

– білім алушылардың табиғат туралы қарапайым түсініктерді игеруі, олардың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстары туралы түсініктерін жүйелеу; қоршаған ортадағы құбылыстары мен заттарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту.

– оқу мен жазудың негізі ретінде дыбыстық әріптік талдау мен синтезді қалыптастыру, оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгерту.

Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушыларда тұрмыстық жағдайларда дербес болуға, шаруашылық-еңбек қызметін және қолжетімді мамандықты меңгеруге мүмкіндік беретін математикалық білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру;

2) білім алушыларда жағымды эмоционалдық-ерік және жеке қасиеттерді қалыптастыру;

3) оқушылардың тілін дамыту, оны арнайы математикалық терминдермен және ұғымдармен байыту;

4) жалпы мен сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету;

5) қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту және байыту;

6) жазудың функционалды негізін: кеңістікте бағдарлауын, көріп қабылдауын, естіп қабылдауын, ұсақ моторикасын, фонематикалық түсініктерін, графомоторлы дағдыларын қалыптастыру;

7) сөйлеу тілін тыңдауға, мағынасын түсінуге, жеңіл нұсқауларды орындауға үйрету;

8) қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айтуын, ажыратуын қалыптастыру;

Бағдарламаның бөлімі, бөлімшелер	Күтілетін нәтиже-оқыту мақсаты	Жартыжылдықтың соңындағы нақты нәтижелері (+, -, пікірлер)
Математика		
Заттардың қасиеттері	1.1.1.1 заттардың тобынан үлгіде көрсетілгендей қасиеттері бірдей (түсіне, көлеміне, түріне қарай заттардың суретіндегі бір немесе бірнешеуін анықтау)	
Шаманы білдіретін ұғым: үлкен-кіші	1.1.2.1 екі салыстырылатын үлкен-кішкентай затты тану және көрсету; 1.1.2.2 жазық заттарды шамасына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу (көлемді заттарды салыстырғанда қою) тәсілдерін пайдалану; 1.1.2.3 көлемі бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атаңыз (үлкен – кішкентай); 1.1.2.4 көлемнің қасиетіне қарай заттарды топқа бөлу (жіктеу) (үлкен-кіші); 1.1.2.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың көлемін есепке алу; 1.1.2.6 заттарды көлемі бойынша (3-5) саралау (реттеу)	
Кеңістіктік ұғымдар	1.1.10.1 мұғалімге еліктеуі бойынша өз денесінің бөліктерін бағдарлай алу: жоғарғы жағында – бас, мойын, кеуде; төменгі жағында – аяғы; алдыңғы жағында – бет, кеуде, іш; арт жағында – бекітпе, арқа; оң қолы – сол қолы, аяғы, көзі, құлағы, беті; 1.1.10.2 мұғалімнің көрсетуі бойынша заттарды өзіне қатысты жылжыту: алыс-жақын, жанында, жақында, анда, мұнда мұғалімнің көрсеткіші бойынша	
Шаманы білдіретін ұғым: Ұзын -қысқа	1.1.3.1 салыстырылып отырған екі ұзын (қысқа) затты танып білу және көрсету; 1.1.3.2 заттарды ұзындығына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу және қатар қою тәсілдерін пайдалану 1.1.3.3 ұзындығы бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атаңыз (ұзын-қысқа, ұзынырақ- қысқарак); 1.1.3.4 заттарды ұзындық белгілері (ұзын, қысқа) бойынша топтарға бөлу (жіктеу) 1.1.3.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың ұзындығын есепке алу; 1.1.3.6 (3-5) заттарды ұзындығы бойынша саралау (реттеу); 1.1.3.7 ұзындығына қарай салыстыру, бір зат екіншісінен қаншалықты ұзын (қысқа) екендігін көрсету; 1.1.3.8 заттарды ұзындығына қарай салыстырғаннан кейін оларды теңестіру	
Шаманы білдіретін ұғым: кең – тар	1.1.4.1 салыстырылып отырған екі кең (тар) затты танып білу және көрсету; 1.1.4.2 заттарды еніне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу және қатар қою тәсілдерін пайдалану; 1.1.4.3 ені бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атаңыз (кең-тар, кеңірек -	

	тарлау); 1.1.4.4 заттарды еніне карай (кең-тар) топтарға бөлу (жіктеу); 1.1.4.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың енін есепке алу; 1.1.4.6 (3-5) заттарды ені бойынша саралау (реттеу)	
Кеңістіктік ұғымдар	1.1.10.8 өзіне қатысты затты кеңістікте орналасуын атау: алыс, жақын, жанында, жақында, анда, мұнда	
Шаманы білдіретін ұғым: кең-тар	1.1.4.7 2-3 заттың әр қайсысының қасиеттерін екі өлшем бойынша салыстырғанда тану, көрсету және атау: ені мен ұзындығы (кең және ұзын, кең және тар, ұзын және тар, қысқа және тар)	
Шаманы білдіретін ұғым: биік – төмен	1.1.5.1 салыстырылып отырған екі биік (төмен) тұрған затты танып білу және көрсету; 1.1.5.2 заттарды еніне карай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша салыстыру және сәйкестендіру тәсілдерін пайдалану; 1.1.5.3 биіктігі бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атаңыз (биік-төмен, биігірек-төменірек); 1.1.5.4 заттарды биіктігіне карай (биік-қысқа) топтарға бөлу (жіктеу); 1.1.5.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың биіктігін есепке алу; 1.1.5.6 заттарды биіктігі бойынша саралау (реттеу); 1.1.5.7 биіктігіне карай салыстыру, бір зат екіншісінен қаншалықты биік (төмен) екендігін көрсету	
Кеңістіктік ұғымдар	1.1.10.4 мұғалімге еліктеу арқылы, ауызша айтылған нұсқаулықпен заттардың орынын басқа заттың қатынасына карай көрсету: "жоғары-төмен, жанында, айналасында, үстінде, ішінде, артында, алдында, астында, қарама-қарсы, арасында, ортасында"; 1.1.10.7 ауызша айтылған нұсқаулық бойынша заттардың орнын ауыстыру: "жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасына қою"; 1.1.10.10 заттың басқа заттарға қатысты орналасқан жерін атау: "жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасында"	
Уақытты білдіретін ұғымдар	1.1.12.1 өз өмірінің жарқын оқиғаларын "кеше", "бүгін", "ертең" ұғымдармен сәйкестендіру; 1.1.12.2 өз өміріндегі оқиғаларды тәуілікті білдіретін: таң, күн, кеш, түн сөздермен сәйкестендіру;	
Шаманы білдіретін ұғым: жуан – жіңішке	1.1.6.1 салыстырылып отырған екі жуан (жіңішке) затты танып білу және көрсету; 1.1.6.2 заттарды еніне карай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша, өздігінен қолданба тәсілдерін пайдалану; 1.1.6.3 қалыңдығы бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атаңыз (жуан-жіңішке, жуанырақ - жіңішкерек); 1.1.6.4 заттарды қалыңдығына карай (жуан-жіңішке) топтарға бөлу (жіктеу); 1.1.6.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың қалыңдығын есепке алу;	

	<p>1.1.6.6 заттарды калыңдығы бойынша саралау (реттеу);</p> <p>1.1.6.7 суретте бейнеленген 2-3 заттың әрбірінің қасиеттерін тану, көрсету және атау, оларды екі шаманың белгісі бойынша: биіктігі мен калыңдығы (жоғары және қалың, жоғары және жіңішке, төмен және қалың, төмен және жіңішке)</p>	
Заттың пішінін білдіретін ұғымдар	<p>1.1.13.1 заттар мен ойыншықтардың арасынан шарлар мен кубтарды үлгі бойынша, атауы бойынша табу;</p> <p>1.1.13.2. үлгі бойынша, атауына қарай геометриялық пішіндер модельдері арасынан дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрышты табу;</p> <p>1.1.13.5 куб, шар, шаршы, шеңбер, үшбұрыш, сияқты геометриялық пішіндерді атап беру;</p> <p>1.1.13.6 қоршаған кеңістікте шар, текше, брус, шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш тәрізді заттарды табу;</p> <p>1.1.13.8 шар мен шеңберді ажырата алу</p>	
Шаманы білдіретін ұғым: терең-таяз	<p>1.1.7.1 салыстырылып отырған екі терең (таяз) затты танып білу және көрсету;</p> <p>1.1.7.2 заттарды тереңдігіне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша, өздігінен шартты шараны пайдалану;</p> <p>1.1.7.3 тереңдігі бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (терең-таяз, тереңдау-таяздау);</p> <p>1.1.7.4 заттарды тереңдігіне қарай (терең-таяз) топтарға бөлу (жіктеу);</p> <p>1.1.7.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде нысанның және заттардың тереңдігін есепке алу</p>	
Заттың ауырлығын білдіретін ұғымдар	<p>1.1.8.1 мұғалімнің көмегімен, өздігінен затты "қолмен" ұстап көру арқылы ауыр немесе жеңіл екендігін анықтау;</p> <p>1.1.8.2 ауырлығы бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (ауыр-жеңіл, ауырлау-жеңілдеу);</p> <p>1.1.8.3 заттарды ауырлығына қарай (ауыр-жеңіл) топтарға бөлу (жіктеу);</p> <p>1.1.8.4 заттарды ауырлығы бойынша саралау (реттеу)</p>	
Кеністіктік ұғымдар	<p>1.1.10.3 мұғалімге еліктеу арқылы, ауызша айтылған нұсқаулықпен көрсетілген бағытта қозғалу: алдыға-артқа, оңға-солға, шетке;</p> <p>1.1.10.4 мұғалімге еліктеу арқылы, ауызша айтылған нұсқаулықпен заттардың орынның басқа заттың қатынасына қарай көрсету: "жоғары-төмен, жанында, айналасында, үстінде, ішінде, артында, алдында, астында, қарама-қарсы, арасында, ортасында";</p> <p>1.1.10.5 өз денесінің бөліктерінің орналасу жерін атау: жоғарыда-бас, мойын, кеуде; төменде-аяқтар; алдыңғы жағында – бет, кеуде, іш; артқы жағында – ұштама, арқа; оң – сол қол, аяқ, көз, құлақ, жақ;</p> <p>1.1.10.6 нұсқаулық бойынша кеңістіктегі заттарды өзіне қатысты жылжыту: алыс, жақын, жанында, жақында, анда, мұнда;</p> <p>1.1.10.7 ауызша айтылған нұсқаулық бойынша заттардың орнын ауыстыру: "жоғары-төмен,</p>	

	<p>жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасына қою;</p> <p>1.1.10.9 кеңістікте заттардың қозғалыс бағытын атау: алға-артқа, оңға-солға, шетіне;</p> <p>1.1.10.10 заттың басқа заттарға қатысты орналасқан жерін атау: "жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасында";</p> <p>1.1.10.11 басқа адамның денесінің бөлшектерінің орналасу орнын анықтау және бағдарлай алу</p>	
Сандық ұғымдар	<p>1.1.9.1 көптеген, сұйық және сусымалы заттарды (су, құм, жарма) салыстыру жағдайында (көп-аз, бірнеше, бірде-бір, сонша, тең, тең емес, көп, кем) тани білу;</p> <p>1.1.9.2 санына қарай (мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқау бойынша, өздігінен) екі топтағы заттарды салыстыруда жұптау тәсілін қолдану;</p> <p>1.1.9.3 мұғалімге еліктеуі бойынша, үлгі бойынша, өздігінен сұйық және сусымалы заттардың санына қарай көбейту және азайту;</p> <p>1.1.9.4 салыстырылатын 2-3 жиындардың, сұйық және сусымалы заттардың санын атау (көп-аз, көптеу – аздау, бірнеше, бірде-бір, көп, тең, тең емес);</p> <p>1.1.9.5 саны бойынша заттардың екі тобын теңестіру кезінде жетіспейтін затты қосу және артық затты алып тастау тәсілдерін пайдалану</p>	
Заттың пішінін білдіретін ұғымдар	<p>1.1.13.2 үлгі бойынша, атауына қарай геометриялық пішіндер модельдері арасынан дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрышты табу;</p> <p>1.1.13.3 мұғалімнің көмегімен, өз бетімен шеңбер, сопақ, шаршының шаблонын бастырып сызып шағу;</p> <p>1.1.13.4 мұғалімнің көмегімен, өз бетімен алынған фигураны штрихтап сызу;</p> <p>1.1.13.5 куб, шар, брус, шаршы, шеңбер, үшбұрыш, тіктөртбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді атап беру;</p> <p>1.1.13.6 қоршаған кеңістікте шар, текше, брус, шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш тәрізді заттарды табу;</p> <p>1.1.13.7 шар мен шеңберді, текше мен шаршыны, брус пен тіктөртбұрышты ажырату;</p> <p>1.1.13.8 аппликациядағы шеңбер, сопақ, шаршы, үшбұрыш геометриялық пішіндерді тану</p>	
Кеңістіктік ұғымдар	<p>1.1.10.12 заттың басқа заттарға қатысты орналасқан жерін атау: "жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасында";</p> <p>1.1.10.13 қағаз бетіндегі заттың жақықтық түріндегі суретін тану және орналасу жерін көрсету: "ортасында, орта жағында, үстінде, астында, оң жағында, сол жағында, арасында"</p>	
Уақытты білдіретін ұғымдар	<p>1.1.12.2 өз өміріндегі оқиғаларды тәуілікті білдіретін: таң, күн, кеш, түн сөздермен сәйкестендіру;</p> <p>1.1.12.3 шартты көрнекілік құралдарының көмегімен ("Тәулік үйі") тәуліктің алдыңғы және кейінгі түрін көрсету және атау;</p> <p>0.1.12.4 тәулік атауларын ретімен атау;</p>	

	<p>1.1.12.4 тәуілік атауларын ретімен атау; 1.1.12.5 тәуіліктің алдыңғы және кейінгі атауларын атау; 1.1.12.6 адамның жасына қарай үлкені мен кішісін ажырата алу; 1.1.12.7 тез және жай қимылдайтын нысандарды анықтау, көрсету; 1.1.12.8 "ертең, бүгін, кеше, бүрсігүні, ерте, кеш, кешікті, бұрын, жақында, алдымен, кейін" ұғымдарын жеке өмір оқиғаларымен және жақын ортадағы адамдардың қызметімен байланыстыру; 1.1.12.9 жылдам және жай қимылдарды орындау; 1.1.12.10 ойыншықтардың, заттардың түрлі қозғалу жылдамдығын модельдеу; 1.1.12.11 белсенді сөйлеу барысында уақытты білдіретін ұғымдарды қолдану: кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні, таңертең, кешке, күн</p>	
Сауат ашу		
<p>Тілдің негізгі бірліктерін ажырату (мәтін, сөйлем, сөз, дыбыс)</p>	<p>1.1.1.1 мұғаліммен бірге сөздерді, сөйлемдерді жұптастырып айту және қайталау; 1.1.1.2 жаңылтпаштар, санамақ және шағын такпақтарды жатқа айту; 1.1.1.3 иллюстрацияларға, макеттерге, сахналауға негізделген ертегілерді, әңгімелерді айту; 1.1.1.4 сөйлеу ағынынан, сөйлемнен сөзді бөлектеу; 1.1.1.5 сөзді және ол білдіретін затты ажырату; 1.1.1.6 сөзді, сөйлемді, буынды, дыбысты ажырату. 1.3.1.1 негізгі түстерді атау және ажырату; 1.3.1.2 геометриялық пішіндерді атау және ажырату (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш); 1.3.1.3 заттарды ұсынылған кезектілікте орналастыру; 1.3.1.4 заттарды негізгі белгілері бойынша сипаттау: түсі, пішіні, мөлшері, көлемі; 1.3.1.5 заттар мен геометриялық пішіндерді негізгі белгілері бойынша топтастыру: материалы, түсі, пішіні, көлемі, мөлшері; 1.3.1.7 заттың бейнесін құрама бөліктерге бөлу және жеке бөлшектерден біртұтас затты құру (шаршы, пазлдардан); 1.3.1.8 жазу гигиенасының негізгі ережелерін сақтау: жазу кезінде арқаны тік ұстау; қарындаш пен қаламды дұрыс ұстау; 1.3.1.9 қағаз парағын және дәптерді дұрыс орналастыру; 1.3.1.10 қағаз бетінде бағдарлау; 1.3.1.14 борды дұрыс пайдалану және тақтаға жазу; 1.3.1.15 саусақ гимнастикасы жаттығуларын орындау; 1.3.2.1 үлгі бойынша, трафарет бойынша сызу; 1.3.2.2 суретті контуры, нүктелері бойынша сызу; 1.3.2.3 суреттің ішін бояу, штрихтау; 1.3.2.4 қысқа және ұзын таяқшаларды, дөңгелек және иректерді салу (жазу);</p>	

	<p>1.3.2.5 тік, көлденең, қиғаш тік сызықтарды сызу (жазу); 1.3.2.6 тік таяқшаны қиғаш сызықпен қосып сызу (жазу); 1.3.2.7 жоғарыны және төменін дөңгелетіп тік таяқша сызу (жазу); 1.3.2.8 сопақша және жарты сопақша салу (жазу); 1.3.2.9 таяқшамен ілгек салу (жазу); 1.3.4.2 сөздердің шартты-графикалық сызбасын оқу; 1.3.4.3 сөйлемнің шартты-графикалық сызбасын мұғалімнің көмегімен оқу.</p>	
Өліпке кезеңі	<p>1.3.1.8 жазу гигиенасының негізгі ережелерін сақтау: жазу кезінде арқаны тік ұстау; қарындаш пен қаламды дұрыс ұстау; 1.3.1.9 қағаз парағын және дәптерді дұрыс орналастыру; 1.3.1.11 жазу жолының жоғарғы және төменгі шектерін ажырату; 1.3.1.12 кең жолмен жіңішке жолды ажырату; 1.3.1.13 әріптердің элементтерін және оларды қосып жазғанда көлбеу сызыққа бағдарлау; 1.3.2.10 әріптердің элементтерінен жолақтар жасау; 1.3.2.11 баспа әріптердің элементтерін жазу; 1.3.2.12 жазба әріптердің элементтерін жазу; 1.3.3.1 баспа қаріптерін атауы бойынша тану; 1.3.3.2 әріптерді, буындарды, сөздерді баспа үлгісінен бөлек әліпби әріптерінен құрастырғаннан кейін жазып алу; 1.3.3.3 жазба қаріптерін атауы бойынша тану; 1.3.3.4 жазба үлгіден әріп, буын, сөздерді алдын ала дыбыстық-әріптік талдаудан соң көшіріп жазу; 1.3.3.5 баспа, жазу, бас әріптердің бейнесін ажырату; 1.3.3.6 сынып тақтасынан және жазба үлгіден әріп, буын, сөз және сөйлемді көшіріп жазу; 1.3.3.7 меңгерген әріптерден буындар, сөздерді үзбей және үзіп қосып жазу; 1.3.3.8 бас және жазба әріптерді және олардың қосындысын үзіп және үзбей, үлгі бойынша қосып жазу; 1.3.3.9 қосымша элементпен ерекшеленетін ұқсас әріптердің бейнесін ажырату (и-ш, л-м, п-т); 1.3.3.15 дыбыстық құрамын талдағаннан кейін меігерген әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді диктант түрінде жазу; 1.3.3.16 сөйлемнің басында бас әріппен жазу, жалқы есімдерде сөйлемнің соңына нүкте қою; 1.3.4.1 буындардың шартты графикалық жазбасын оқу; 1.3.4.2 сөздердің шартты-графикалық сызбасын оқу; 1.3.4.3 сөйлемнің шартты-графикалық сызбасын мұғалімнің көмегімен оқу; 1.3.4.4 қызыл және көк текшелермен белгіленген дауысты және дауыссыз дыбыстарды тану;</p>	

	1.3.4.5 дауысты және дауыссыз дыбыстарды кызыл және көк текшелермен белгілеу; 1.3.4.6 сөзді белгілеу үшін шартты-графикалық сызбаны қолдану.	
Айналадағы әлем		
Мен және менің отбасым	1.1.1.1 өзінің аты, жөні, тегін атау; 1.1.1.2 ата-анасының, бауырлары мен әпке-сіңілдерінің атын атау; 1.1.1.3 өзінің туған күнін атау; 1.1.1.4 отбасыдағы өзінің міндеттерін атау және орындау	
Табиғаттағы маусымдық өзгерістер	1.2.1.1 күзде табиғаттағы өзгерістерді бақылау және атау; 1.2.1.2 белгілері бойынша күзді білу, күздің белгілерін атау; 1.2.1.4 күзге арналған киім, аяқ киім түрлерін атау; 1.2.1.5 жыл мезгіліне сәйкес киіну; 1.2.1.6 ауа-райын бақылау және ауа-райы күнделігін жүргізу	
Тірі табиғат	1.2.2.1 ағаштар, бұтақтар, шөптер, гүлдерді білу, атау; 1.2.2.2 көкөністер мен жемістерді білу, атау; 1.2.2.3 таныс жемістер мен көкөністердің түсін, формасын, дәмін атау; 1.2.2.5 күзде өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі өзгерістерді атау	
Мектеп. Сынып	1.1.2.1 мектеп ғимаратын, сыныптарды, дәлізді, залды, асүйді, киім жинайтын жерді білу; 1.1.2.2 өз сыныбын өздігінен табу; 1.1.2.3 білім алушының күн тәртібін орындау; 1.1.2.4 мектептегі білім алушының міндеттерін орындау; 1.1.2.5 мектепте, сыныпта, мектеп жанындағы аумақта өзін-өзі ережелерін орындау	
Өлі табиғат	1.2.3.1 күзде өлі табиғаттың жағдайын білу және атау; 1.2.3.2 өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылау – күздің әртүрлі тәулігіндегі күн, ай, аспан, жер, бұл, жел, олардың суреттегі, әңгімелердегі көрінісі; 1.2.3.3 суды сақтау, отпен байқап жұмыс жасау	
Менің Отаным -Қазақстан	1.3.1.1 елді, туған қаланы, ауылды атау; 1.3.1.4 рәміздерді білу: Қазақстанның туы 1.3.1.5 Қазақстан Республикасының әнұраны орындалған кезде оң қолды жүрек тұсына қойып, тік тұру	
Табиғаттағы маусымдық өзгерістер	1.2.1.1 күзде, қыста табиғаттағы өзгерістерді бақылау және атау; 1.2.1.2 белгілері бойынша күзді, қысты білу, күздің, қыстың белгілерін атау; 1.2.1.4 күзге, қысқа арналған киім, аяқ киім түрлерін атау; 1.2.1.5 жыл мезгіліне сәйкес киіну; 1.2.1.6 ауа-райын бақылау және ауа-райы күнделігін жүргізу	
Қоршаған болмыстың заттар мен	1.4.1.1 заттар мен табиғат құбылыстарының атауын дұрыс айту; 1.4.1.2 мұғалімнің көмегімен екі затты салыстыру: ұқсас және айырмашылық белгілерін	

құбылыстарымен танысу
негізінде ауызша сөйлеуді
дамыту

табу;
1.4.1.3 үлгісі, көрсетілімі бойынша заттарды жіктеу;
1.4.1.4 сұрақ сөздерін пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беру;
1.4.1.5 суретте көрсетілген көрсетілетін әрекет негізінде қарапайым жәй сөйлемдерді құрау;
1.4.1.6 ауызша сөйлеуде таныс сөздердің формаларын дұрыс қолдану;
1.4.1.7 ішінде, үстінде сияқты сөз алды қосымшаларын және кейбір анағұрлым көп қолданылатын үстеулерді пайдалану (жақсы-жаман, жақын-алыс)